

### **«SMS хабарлама» қызметі**

Төлем картаңыз бойынша операцияларды қосымша бақылау үшін, кез-келген уақытта, орналасқан жеріңізге қарамастан, ұялы телефоныңыз болған кезде, қаражат қозғалысы туралы ақпаратты SMS хабарлама арқылы алуға мүмкіндік беретін қызмет.

SMS хабарлама қызметін қоса отырып, Сіз өзіңіздің төлем картаңыз бойынша да, қосымша карта бойынша да ақша шығындары мен қозғалыстарын толықтай бақылай аласыз.

SMS хабарлама қызметін қосу үшін, Банктің кез келген кеңсесіне немесе Банктің Байланыс орталығына жүгінуіңіз қажет, сондай-ақ, Сіз қызметті Қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі (интернет-банкинг) арқылы өзіңіз қосуыңызға болады.

### **«Кедендік төлемдер\*» қызметі**

Банк сыртқы экономикалық қызметпен айналысатын төлем карталарын ұстаушыларға Қазақстан Республикасының кеден бекеттерінде кедендік төлемдерді төлеуге арналған қызметті ұсынады.

ҚР-ның кеден бекеттерінде орнатылған POS-терминал құралымен төлем картасын қолдана отырып сіз төлем жүргізе аласыз:

- кеден салығын;
- кедендік рәсімдеу үшін кедендік алым;
- тауарларды сақтау үшін кедендік алым;
- кедендік сүйемелдеу және басқа да кедендік төлемдер үшін кедендік алым.

#### **Төлем карта төлемінің артықшылықтары:**

- кедендік төлемдерді өткізу тікелей кедендік бекетте жүзеге асырылады;
- жүкті кедендік рәсімдеу барысында жетпеген соманы қосымша төлеу мүмкіндігі;
- POS-терминалмен қалыптастырылған түбіртектерді беру төлемнің расталуы болып табылады және жүкті кедендік рәсімдеуге дереу кірісуге мүмкіндік береді;
- кедендік төлем мөлшерін артық төлеуге жол берілмейді;
- жүкті рәсімдеу және төлем жүргізу кезінде уақытты азайтудың арқасында уақытша сақтау қоймаларын жалдау мерзімі қысқарады.

\*қызмет Банктің төлем карталарын кедендік бекеттерде қабылдаған жағдайда жарамды болады.

### **«Cash-in» қызметі**

Cash-in функциясы бар банкоматтарда қолма-қол ақшамен төлем карталарын толтыру қызметі «Cash-in» функциясы бар «Еуразиялық банк» АҚ банкоматтары мен Банктің банкоматтар желісінде ғана қолжетімді. Банктің төлем карталарын толықтыру шот валютасына қарамастан теңгемен жүргізіледі. Операция өткізу үшін қолда толықтыратын төлем картасы болуы қажет. Толықтырылатын сома сол сәтте-ақ әрі қарай қолдану үшін қол жетімді болады.

Cash-in функциясы бар банкоматтар тізімімен Банктің сайтында танысуға болады.

Төлем карталарын толтыру үшін тариф – 0 теңге.

#### **Төлем карталарын толтыру үшін Сізге:**

1. толтырылатын картаны банкоматқа салу;
2. ДСН-кодын енгізу;
3. банкоматтың «қолма-қол ақшамен толықтыру» мәзірін таңдау;
4. қолма-қол ақшаны ақша белгісін қабылдағышқа орналастыру;
5. енгізілетін соманы растау;
6. ақшаның картаға аударылғандығы туралы түбіртек алу қажет.

### **Қызметті банкоматта төлеу\***

Сіз Банктің банкоматтарында келесі қызметтерді төлей аласыз:

<b>КҚ тобы</b>	<b>КҚ атауы</b>
----------------	-----------------

Қалалық байланыс	City
	Transtelecom
	Қазақтелеком
Интернет	Altel 4G
	DIJ
	ALMALINE
	AERO
	BEELINE ИИЕТ
	MEGALINE
	IDNET
ALMA TV INTERNET	
Телеарна	IDTV
	ALMA TV
	ОТАУ TV
Ұялы байланыс	BEELINE
	ACTIV
	KCELL
	TELE2
	ALTEL
Көлік	ОҢАЙ
Оқу	«ALMA University» (МАБ)

**«ALMA University» (МАБ)-де оқу үшін төлем жасау бойынша нұсқаулық**

Төлем жасау үшін Сіз келесілерді орындауыңыз қажет:


- 1) Банктің төлем картасын банкоматқа салу;
- 2) ДСН-кодын енгізгеннен кейін - «Қызметтерді төлеу» - «Оқу»:




- 3) «ALMA University» таңдау:




4) Төлем мақсатын таңдау:



5) Оқу бағдарламасын таңдау:




6) Келесі деректерді толтыру: клиенттің аты-жөні және ЖСН:




### **Маңызды!**


**Студенттің аты-жөні латын әрпімен жазылатындығына назар аударуыңызды сұраймыз: тегін толығымен жазып, аты мен әкесінің атының бірінші әріптерін ғана көрсету керек.**




7) Төлем сомасын теңгемен енгізу:



8) Телефонның мобильдік байланыс нөмірін енгізу:



9) Енгізілген деректерді растаңыз:



10) Жүргізілген операция бойынша чекті алу.

**\*Қызметтерді Банкомат арқылы төлеу Банктің карталары бойынша ғана қолжетімді.**

**Банк банкоматында таңдаған қызмет бойынша бірінші төлемді жүргізгеннен кейін, әрі қарайғы төлемдерді Сіз штрих-код сканері көмегімен төлей аласыз, бұл үшін:**

1. банкоматтың штрих-код көрсетілген түбіртегін сақтау
2. картаны Банктің банкоматына салу
3. банкомат мәзіріндегі «Қызметті жеткізушінің пайдасына төлем» бөлімі мен қажетті қызметті таңдау
4. «Сканерлеу» операциясын таңдау
5. штрих-коды бар түбіртекті сканерге жақындату
6. төлем сомасын енгізіп, операцияны растау қажет.

### **«Е-PIN» қызметі**

«Е-PIN» - Банкпен карта ұстаушыға карта ұстаушы карта шығару кезіндегі өтінішінде көрсеткен телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы жіберетін бір реттік пароль.

Е-PIN қызметі төлем картасы бойынша ДСН-кодын қоюдың жаңа, әрі қауіпсіз тәсілінің көрінісі. Карта ұстаушы Е-PIN қызметін «Еуразиялық банк» АҚ банкоматтарында немесе Банктің банкоматтарында ДСН-кодын орнатуға арналған операция үшін ғана қолдана алады.

**Картаңызды «Е-PIN» қызметі арқылы іске қосу үшін:**

1. 6161 нөміріне EPIN XXXXXX (бұндағы XXXXXX – карта нөмірінің соңғы 6 саны) мәтініндегі SMS-ті жіберіңіз. ДСН-кодының әрекет ету мерзімі – 15 минут. 15 минут ішінде ДСН-кодын ауыстырып үлгермеген жағдайда, SMS сұранымды қайталаңыз.
2. картаны іске қосуға арналған қауіпсіз Е-PIN коды бар жауап SMS-ті алыңыз;
3. картаңызды банкоматқа салыңыз
4. алған Е-PIN кодын енгізіңіз
5. банкомат мәзірінен «ДСН-кодын ауыстыру» қызметін таңдаңыз
6. жаңа ДСН-кодының 4 санын енгізіп, ДСН-кодын қайта енгізу арқылы растаңыз
7. жаңа ДСН-кодын қайта енгізіңіз
8. жүргізілген операцияны растайтын чекті алыңыз.

### **«ДСН-кодын ауыстыру» қызметі**

**Өз картаңыздың ДСН-кодын «Еуразиялық банк» АҚ банкоматтары немесе Банктің банкоматтары арқылы өздігіңізден ауыстыру мүмкіндігін пайдаланыңыз.**

### **Бұл қызметтің Сізге берер мүмкіндігі:**

- картадағы ақша қауіпсіздігі мен рұқсатсыз қолжетімділіктен қорғау деңгейін арттырады
- ұсынылған ДСН-кодын есте сақтауға оңай болатын жеңіл, әрі ыңғайлы тәсілмен ауыстыру
- төлем картасының ДСН-коды жария болған жағдайда, оны қайта шығармау

### **ДСН-кодын ауыстыру үшін:**

1. картаңызды банкоматқа салыңыз;
2. ДСН-кодын енгізіңіз;
3. банкомат мәзіріндегі «ДСН-кодын ауыстыру» операциясын таңдаңыз;
4. жаңа ДСН-кодының 4 санын енгізіңіз;
5. жаңа ДСН-кодын қайта енгізіңіз;
6. жүргізілген операцияны растайтын түбіртек алыңыз.

**\*Қызмет 2015 жылғы 1 қазаннан бастап шығарылған карталар бойынша қолжетімді**

### **«Cashback» қызметі**

**Cashback қызметі** – бұл сауда және сервис кәсіпорындарындағы және Интернет желісіндегі тауарлар/қызметтер төлемі бойынша қолма-қол ақшасыз операция сомасының бөлігін клиентке (ай сайын капиталдандыру арқылы) қайтару. Ұсынылатын Cashback мөлшері Банктің тарифтерімен реттеледі.

### **Cashback келесі жағдайларда берілмейді:**

- операцияны Банктің және басқа банктердің банкоматтарында жүргізген жағдайда;
- операцияна ойынханада және бәс тігулерде жүргізілген жағдайда;
- лотерея билеттері мен облигацияларды сатып алған жағдайда;
- Банктегі және басқа банктердегі банктік шоттарға аударымдық операциялар жүргізген кезде;
- электрондық әмияндарды толықтыру бойынша операциялар жүргізілген кезде;
- Банктің Қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде/жүйесі (интернет-банкинг) арқылы операциялар жүргізілген жағдайда.

### **«3D Secure\*» қызметі**

**3D Secure** – бұл 3D Secure құпиясөзін енгізу арқылы карта иесіне қосымша сәйкестендіру жүргізуге мүмкіндік беретін Visa (Verified by Visa жүйесі) және MasterCard (Secure Code жүйесі) төлемдік жүйелермен әзірленген бірегей технология. 3D Secure Интернетте төлем карталарын пайдалану арқылы алаяқтық жасау деңгейін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

3D Secure құпиясөзі – Интернет желісінде карта бойынша операция жүргізу кезінде карта ұстаушыны сәйкестендіруге арналған динамикалық жасырын құпиясөз және ол «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-ның картасы бар, Банкке ұялы телефондарының негізгі нөмірлерін берген клиенттерге тегін беріледі.

3D Secure\* құпиясөзін алу үшін, Сізге төлем картаның нөмірін, төлем картаның жарамдылық мерзімін, өзіңіздің аты-жөніңізді, CVV/CVC кодын енгізу қажет. Бұдан кейін, Сізге 3D Secure құпиясөзін енгізу үшін Банктің <https://3ds.cbk.kz:3443/way4acs/pa?id> парақшасына сілтеме беріледі.

3D Secure құпиясөзі екі тәсілдің бірімен беріледі:

- мобильдік телефонға SMS-хабарлама түрінде. Корпоративтік картаны ұстаушылар 3D Secure құпиясөзін SMS-хабарлама арқылы ғана ала алады;
- «B1NK Security Wallet» мобильді қосымшасы арқылы. «B1NK Security Wallet» мобильді қосымшасын App Store (iOS базасындағы ұялы телефондар үшін) және Play Market (Android базасындағы ұялы телефондар үшін) дүкендерінен жүктеп алуға болады.

**Міндетті түрде білу керек!** Картаны шығарған банк қана 3D Secure құпиясөзін сұрай алады. Браузердің «Адрес» жолағында келесі адрес көрсетілуі тиіс: <https://3ds.cbk.kz:3443/way4acs/pa?id>

**Ешбір жағдайда басқа сайттарда құпиясөзді енгізбеңіз.**

Банк парақшасында 3D Secure құпиясөзін енгізу төлем жүргізуді растау болып табылады.

3D Secure бар интернет-дүкендерді/порталдарды келесі логотиптер бойынша тануға болады:



**\*3D Secure құпиясөзін енгізу эквайер-банкте осы қызмет болған жағдайда қажет болады.**

### **Байланыссыз төлемдер (Visa Pay Wave/MC Pay Pass)**

Visa Pay Wave/MC Pay Pass атқарымымен жабдықталған карталар картаны ұстаушыға операция жүргізу кезінде карта мен электрондық терминалдардың немесе өзге құрылғылардың физикалық жанасуын қажет етпейтін сымсыз байланыс технологиясын пайдалану негізінде байланыссыз төлемдер жасау мүмкіндігін береді.

Қызмет төлем картасында арнайы белгі болған кезде қолжетімді.



Сомасы 5 000 теңгеден (немесе валютадағы эквивалент) аспайтын байланыссыз операцияларды ДСН-кодын енгізбестен/чекке клиенттің қолын қоймастан жүргізуге болады. Бұл ретте, мұндай операциялар бойынша ДСН-кодын енгізу немесе енгізбеу шартын сұрау – эквайер-банктің POS-терминалы жағында реттеледі.

Операция сомасы 5 000 теңгеден (немесе валютадағы эквивалент) асқан жағдайда, ДСН-кодын енгізу қажет болуы мүмкін.

### **Қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі (интернет-банкинг/мобильдік банкинг)**

Интернет-банкинг (с.і. мобильдік банкинг) – бұл Сізге өз шоттарыңызды басқаруға, сондай-ақ, Интернет желісі арқылы төлемдер мен аударымдар жасауға мүмкіндік беретін қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі.

Қызметке қолжетімділікті алу үшін, Сізге Банктің <https://online.bank.kz/> сайтында төлем картаңыз бойынша тіркелу рәсімінен өту немесе APPstore/Play market-те мобильдік қосымшаны жүктеп алу қажет.

Интернет-банкинг қызметі арқылы Сіз келесі қызметтерді алу мүмкіндігіне (қоса алғанда, алайда бұнымен ғана шектелмей) ие боласыз:

- ✓ ақпараттық банктік қызметтер;
- ✓ банктік шоттар – депозиттер, төлем карталары, сондай-ақ несиелер туралы ақпарат;
- ✓ банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелер;
- ✓ төлемдер мен аударымдық операциялар;
- ✓ интернет-банкингте жасалған операциялар туралы ақпарат;
- ✓ SMS-хабарлама қызметін қосу/ажырату;
- ✓ карта бойынша авторизация лимиттерін өзгерту;
- ✓ карта жоғалған/ұрланған жағдайда, оны бұғаттау;
- ✓ банктік шоттар ашу және басқа да көптеген қызметтер.

### **Visa Direct және Mastercard Money Send қызметі**

«Visa Direct»/«Mastercard Money Send» - Mastercard/Maestro карталарын ұстаушыларға «Capital Bank Kazakhstan» АҚ банкоматтары арқылы ақшаны жеңіл, әрі жылдам аударуға көмектесетін қызмет.

Ақшаны аудару үшін, алушының Mastercard/Maestro картасының 16 сандық нөмірін білу жеткілікті. Visa Direct/Mastercard Money Send аударымдары қазақстандық банк шығарған кез келген Visa/ Mastercard/Maestro картасынан қазақстандық банк шығарған кез келген Visa/Mastercard/Maestro картасына жүзеге асырылады.

Қазақстандық банктер шығарған VISA/Mastercard/Maestro карталары арасындағы аударым тек қана теңгеде жүзеге асырылады.

*\*аударымдар тек Visa картасынан Visa картасына және Mastercard/Maestro картасынан Mastercard/Maestro картасына ғана қолжетімді*

Аударымды орындау мерзімі:

- дереу - «Capital Bank Kazakhstan» АҚ карталарына
- басқа банк карталарына 5 минут ішінде (кейбір жағдайда аударым мерзімі көрсетілген кезеңнен көп болуы мүмкін және алушы банктің шарттарына байланысты болады)

Visa Direct аударымдары үшін белгіленген лимиттер:

- Бір операцияның ең жоғарғы сомасы - 2 500 USD (852 500 KZT)
- Тәулік ішіндегі барлық операциялардың ең жоғарғы көлемі – 5
- Тәулік ішіндегі барлық операциялардың ең жоғарғы сомасы - 12 500 USD (4 262 500KZT)
- 4 күн ішіндегі операциялардың ең жоғарғы көлемі – 20
- 4 күн ішіндегі операциялардың ең жоғарғы сомасы - 20 000 USD (6 820 000KZT)
- Бір ай ішіндегі операциялардың ең жоғарғы көлемі – 30
- Бір ай ішіндегі операциялардың ең жоғарғы сомасы - 20 000 USD (6 820 000KZT)

Mastercard Money Send аударымдары үшін белгіленген лимиттер:

- 2 500 USD бір аударым сомасына
- 10 000 USD – бір ай ішінде бір карта бойынша жасалған барлық аударымдардың сомасы

«Visa Direct» / «Mastercard Money Send» аударымдарын жүзеге асыру үшін Сізге қажеттісі:

1. «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-ның банкоматына Visa/Mastercard/Maestro төлем картасын салу
2. Сөйлесу тілін таңдау (орыс, қазақ, ағылшын)
3. ДСН-кодын енгізу
4. Банкомат мәзірінен «Аударымдар» опциясын таңдау
5. Бұл аударымның кәсіпкерлік қызметпен, инвестицияны жүзеге асыру немесе жылжымайтын мүлік құқығын сатып алумен байланысты емес екендігін растау
6. Операцияның «VISA Direct»/«Mastercard Money Send» түрлерін таңдау
7. Аударымның шектеулерімен және шарттарымен танысу
8. Алушының 16-сандық нөмірін енгізу\*\*
9. Теңгедегі аударым сомасын енгізу
10. Енгізілген деректерді растау
11. Жүргізілген операция бойынша чек алу.

**\*\* Картаның нөмірін дұрыс термегені үшін Банк жауапкершілік артпайды!**

Visa Direct/ Mastercard Money Send аударымдарына арналған Банк тарифтері Банктің сайтында орналастырылған.